

**ТАРИХ.
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ
ӘДІСНАМАСЫ**

**ИСТОРИЯ.
МЕТОДОЛОГИЯ
СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

**HISTORY.
METHODOLOGY OF
MODERN EDUCATION**

ӨОЖ 37.01

З.У. Ельбаева, Р.А. Мухангалиева


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: zarina.Yelbaeva@mail.ru

**С. Қожахметов және оның педагогикалық мұраларындағы
дидактиканың дамуы**

Аңдатпа. Мақалада С. Қожахметов және оның педагогикалық мұраларындағы дидактиканың дамуының жолдары көрсетілген. Оның еңбегіндегі «Жалпы педагогика және педагогика», «Оқыту технологиясы және оқыту үдерісінің субъектілері», «Педагогика тарихы» бағыттары бойынша еңбектері қарастырылған. С. Қожахметовтің педагогикалық білім беруді дамытудағы қосқан үлесіне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: дидактика, ғалым-дидакт, оқыту үдерісінің субъектілері.

Сұлтанбек Қожахметов 1912 жылы Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Ол – өзінің қысқа өмірінің ішінде білім алған, көптеген жұмыстар атқарған, қазақ білім беру үдерісінің дамуына үлкен үлес қосқан ғұлама ғалым. Ата-анасынан ерте айырылып, 13 жасында кеңес мектебіне оқуға барады. Оқу озаты, үлгілі тәрбие көрсеткішімен ерекшеленген С. Қожахметов мектепті бітіргеннен кейін 1930 жылы “Петропавл педагогикалық техникумын” бітіріп, осы оқу орнында бірнеше жылдар бойы педагогтық қызмет атқарады. 1932-1937 жылдары Мәскеу педагогикалық институтының студенті Халық ағарту комиссариатының орталық ғылыми-зерттеу институтының аспиранты. 1937 жылы Мәскеуден аспирантураны аяқтап келіп, С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеттің педагогика мен психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасайды. С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті кеңесінің шешімімен 1938 жылы 22 наурызда С. Қожахметовке педагогика



ғылымдарының доценті дәрежесі беріледі. 1939 жылы қараша айында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш қазақша жазылған еңбектің бірі “Совет мектебінің негізгі дидактикалық принциптері” тақырыбында педагогикалық кандидаттық диссертация қорғайды [1].

1940 жылы әскерге аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Онда ауыр жараланып, 1945 жылы қаза тапты.

Ғалымның еңбектерін келесі бағыттарға бөліп қарастыруға болады:

– жалпы педагогика және педагогика мәселелері;

– оқыту технологиясы мен оқыту үдерісіндегі субъектілер;

– педагогика тарихы.

С. Қожахметовтің 17-ге жуық ғылыми мақаласы және бірнеше кітаптары жарық көрген. 30-жылдары Н.К. Крупская, К.Д. Ушинский, Ж.Ж. Руссо, Я.А. Коменский, И.Г. Пестолоций, Дж. Локк, И.Ф. Гербарт туралы көлемді мақалалары жарық көрді. Ғалымның «Оқу құралдары қандай болуға тиіс?», «Педагогика классиктері», «Педагогика мәселелері», «Оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеу», «Эстетикалық тәрбие», «Оқушылар білімінің саналы және тиянақты болуының дидактикалық принциптері», «Вопросы педагогики», «Сознательная дисциплина» атты зерттеулері қазақ педагогика ғылымына қосқан елеулі еңбектері болып саналады [2].

С. Қожахметовтың педагогика ғылымына қосқан үлесі көп, соның ішінде ол дидактика ұғымын жан-жақты қарастырған. Педагогика мәселелерін талдағанда ғалым қоғамдық ғылымдардың маңызды мәселелерінің бірі – мектептегі оқу-тәрбие жұмысының ғылыми негізін қарастырады. Мәселен, оқушылардың алатын білімінің саналы және жинақты болуының дидактикалық принциптерін, сабақтан тыс уақытта оқушылардың кітаптарды қалай пайдалана білуін, олардың эстетикалық талғамдарын қалыптастырып, тәрбиелеудің кейбір мәселелерін, оқушылардың білімдерін тексеріп, оны бағалай білудің әдістемелік жолдарын қамтиды.

С. Қожахметов өз еңбектерінде дидактикалық мәселелерді орыстың революцияшыл педагогикасы идеяларының негізінде қазақ мектебінің ерекшелігіне сәйкес қарастырған. «Егер білім саналы түрде берілмесе, ол берік әрі тиянақты қабылданбайды. Саналы түрде меңгерілген білім мен тиянақты қабылдау бір-бірімен тығыз байланысты. Алайда ең шешуші принцип – білімнің саналылығы» деп тұжырымдады С. Қожахметов. Ғалым білім

саналылығы мен оқушы ісінің барлық түрін байланыстыра қарастырды. «Адамның санасы оның тек білімі арқасында ғана өспейді, оның қызметі, тәжірибесімен де байланыста өседі» (педагогикалық мәселелері). Сананың білімнен шығатынын дәлелдей келе, әр пәнді оқыта отырып, оқушының алатын біліміне сын көзбен қарай білуге тәрбиелеу, ал оның барлық табысы өзі қабылданған білімді саналылықпен меңгеру керек екендігін ескертеді.

С. Қожахметов өзінің еңбектерінде оқыту процесін, сабақты, оның құрылыстарын, сабақ сапасын, түсіндіру, үйрету тәрізді тәсілдерді қарастыра келе, оқытудың бірнеше шарттарын жүйелеп көрсетеді: «1. Мұғалімнің мәселені түсіндіруі ашық, айқын ұғымды болуы керек. 2. Жаңа материалдар өткендегі материалдарға негізделініп, арасында тығыз байланыс жасалу керек. 3. Кейде оқушылардың алдына ойлануды керек қылатын мәселелер қойып, мұны шешуге барлық оқушыны қатыстыру керек. 4. Ауызша айтуға мұғалім көрнекі құралдармен байланыстырып отыруы тиіс. 5. Мұғалім оқушылардың назарын аударатын әртүрлі шаралар қолдануы шарт, мысалы, сабақ үстінде оқушылардан кенеттен сұрау, даусын құбылту, дене қимылдарын өзгерту, бұл материалдарды келешекте оқушылардан сұрайтынын ескерту, т.б. 6. Сабақты эмоционалды түрде беру, оқушылардың сезіміне әсер ету – оларды сабақтың мазмұны арқылы көңілді, қуанышты күйге түсіру. 7. Әрбір сабақтың аяғына қысқаша қорытынды жасап, оқушылардың түсінген, түсінбегендігін де тексеріп отыруы керек. 8. Ілгері жүруге асықпай, өткен сабақты тиянақты етіп, ылғи жаттықтырып пысықтау жұмыстарын жүргізіп отыруы керек» [3]. С. Қожахметов сабаққа қойылатын дидактикалық талаптарды осылайша қарастырған.

С. Қожахметов өзінің еңбектерінде оқыту принциптерінің жүйесін жетілдірудің қажеттілігін оқытудың заңдылықтарын зерттеудің дамуымен түсіндірген. Сонымен бірге оқыту принциптерінің жүйесін оқушының іс-әрекетін тиімді ұйымдастырумен байланыстырады. С. Қожахметов оқыту принциптерін оқу процесінің негізгі компоненттерімен (міндеті, мазмұны, әдісі, т.б.) тығыз байланыста қарастырған. Дидактикалық принциптері туралы айтқанда С. Қожахметовтің «Педагогика

ка мәселелері» атты еңбегіне сүйенеміз. Бұл еңбектің алғы сөзінде С. Қожахметовтің өзі айтқандай: «Біз дидактикалық принциптердің барлығына тоқталмай, тек олардың ішіндегі негізгісі, яғни білімді саналы және берік тиянақты меңгеру принципіне ғана тоқталамыз. Бұл еңбек төрт негізгі бөлімнен тұрады:

1. Оқушылардың білімді саналы және берік, тиянақты меңгерудің дидактикалық принципі.

2. Кітапты пайдалану іскерлігі.

3. Эстетикалық тәрбие.

4. Бастауыш және орта мектепте оқушылардың білімін бақылау және есепке алу [4].

Педагогиканың дидактика бөлімінде оқыту әдістерін жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлген. С. Қожахметов сабақты баяндау, сабақты тексеру, сұрақ-жауап тәсілі арқылы жүзеге асатыны туралы да өз пікірін білдіреді. Ғалым еңбектерінде оқулыққа ерекше мән берген. «Оқушыларға кітаппен өз бетінше жұмыс істету – мұғалімнің міндеті», – дей келіп, «кітаппен жұмыс өзін-өзі бақылауға септігі тиеді», – деп пайымдаған [5].

С. Қожахметовтің еңбектерінен оқытуда

жаттығулардың да маңыздылығына үлкен мән бергендігі көрінеді. Ол: «Мұғалімдер сабақ үстінде дидактикалық бірнеше жұмыстарды жүзеге асырады. Соның бірі – пысықтау, пысықтау кезінде оқушыларға сұрақтар қою», – дейді.

С. Қожахметов оқушы білімін есепке алу екіге бөледі: «1. Сыныптағы оқушылардың білімін күнде есепке алу; 2. Оқу жылы аяғында 4-10 сыныптарда оқушы білімін тексеру – сынақ», – дейді [6].

С. Қожахметов дидактикада оқушылардың білімін тексеру, оқушы білімін айқындауда сұрақты дұрыс бере білудің үлкен орны бар екенін баса айтады.

С. Қожахметов өз еңбектерінде дидактикалық принцип туралы арнайы қарастырған. Оған дәлел 1939 жылы С. Қожахметов «Совет мектебіндегі негізгі дидактикалық принциптер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

Г.Б. Ещанова «С. Қожахметов мұраларындағы педагогикалық идеялары» атты диссертациялық жұмысында дидактикалық принциптерді 5-ке бөліп көрсеткен. Олар төмендегідей: [7]

1-кесте

| Принциптердің атауы | Мазмұны |
|-----------------------------------|---|
| Оқу мен өмірдің байланыс принципі | Бұл принцип игерілетін білімнің оқушының өмірдегі қажетіне пайдаға асуына негізделеді |
| Саналылық принципі | Бұл принцип білімді саналы меңгеру, таным, таным белсенділігі мен оқытуға ынталандыруға негізделеді. |
| Жүйелілік-бірізділік принципі | Бұл принциптің негізінде оқыту мен таным заңдылығы жатады: білімнің, ойлаудың, оқытудың жүйелілік түрі. |
| Ғылымилық принципі | Бұл принциптің негізінде оқушылардың ғылыми білімді меңгеруі, дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуы жатады. |
| Көрнекілік принципі | Бұл принциптің негізінде оқушының қызығушылығын, есте сақтау қабілетін арттыру және өмірмен байланысын қамтамасыз ету жатады. |

Көрсетілген принциптерді С. Қожахметов сабақ барысында міндетті түрде қолдану қажеттігін айтады. Дидактикалық принциптер мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының беріктігіне, оқушының сапалы білім алуына, тәрбиелі азамат болуына үлкен септігін тигізеді.

Әрі қарай дидактикалық тұрғыда оқушылардың қызмет белсенділігін арттыруды көздейтін жұмыстарды атқару, ол жұмыстар оқушының ын-

тасын арттырып, олардың пәнге қызығушылығын оятумен қатар, еркін (ерік) тәрбиелеуге, оқуға саналы қатынасын қалыптастыруға түрткі болатын жұмыстар болу керектігіне тоқталады: «Ынта адамды жұмыс істеуге жетектеуші негізгі қоздырғыш мотив, стимул болып саналады, өйткені қызықты нәрсе бізді көңілдендіреді, белсенді етеді, бізге үлкен шаттық береді. Ынта болса адам жұмысты көңілді түрде істейді. Бұл

жағдайда ол шаршауды, талғуды білмейді, сөйтіп, ынта адамның жұмыс істеу қарқынын көтереді. Адамның, оқушы балалардың ынтасын іштен туа болатын қасиет емес, ол (ынта) адамның қоғамдық материалды тілегінен туады, ал оқушылардың ынтасы тәрбие мен оқудың нәтижесі болып табылады.

С. Қожахметов өзінің ұстанған оқыту принциптерінің жүйесі кеңес мектебінің тоталитарлық саяси, қоғамдық дамуына негізделген, сондықтан сол кезеңдік ерекшеліктерімен көрінеді. Дегенмен де сол қоғамдық процестің талаптарына сай жасалған С. Қожахметовтің дидактикалық принциптері теориялық мазмұндық, әдістемелік тұрғыдан алғанда қазіргі кезде түгелдей оқу процесінде басшылыққа алынатын қағидалар болып саналады. Өйткені онда қазіргі кезге сай мұғалімнің оқу жұмысының тиімділігін арттыруға жағдай туғызатын педагогикалық ережелер, талаптар жүйесі негізделген.

Қорытындылай келе айтатын болсақ, ғалым өзінің қысқа өмірінде көптеген жұмыстар атқарған, педагогика ғылымын жан-жақты қарастырған, соның ішінде дидактика негізінде ұсынған пікірлерін қарап отырсақ, білімді санамен меңгеру, яғни оқудағы саналылық ұстанымын оқытудың сапасын арттырудағы бірден-бір ұғымға енгізеді. С. Қожахметов еңбектерінде ғалымның оқулықтарды дидактикалық тұрғыдан қалай дайындау керектігі туралы сан алуан тиімді көзқарастары бар. С. Қожахметов оқулық туралы көзқарастарында тағы бір байқағанымыз, оның

ұстанған қағидасы – сол кездегі педагогиканың қол жеткен табыстарын тиімді пайдалану. С. Қожахметов қазақ педагогикасының оқыту теориясына өзіндік үлес қосқан дидакт-ғалым.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 6-том. – 15-16 б.
- 2 Қақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – 6-том // Қожахметов С. – 2009. – 254-260 б.
- 3 Ещанова Г. Сұлтанбек Қожахметов дидактикалық принциптер туралы // Ұлт тағылымы, 2002. – №1. – 68-69 б.
- 4 Қожахметов С. Педагогика мәселелері. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1940. – 120 б.
- 5 Ещанова Г. Сұлтанбек Қожахметовтың жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой-пікірлері // Қазақстан жоғары мектебі. – 2006. – №1. – 96-99 б.
- 6 Ахметова С.А. С. Қожахметов және классик педагогтардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің сабақтастығы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері мен даму бағыттары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. 318-321 б.
- 7 Ещанова Г.Б. С. Қожахметов мұраларындағы педагогикалық идеялары. п.ғ.к... дисс. – Атырау, 2006.

З.У. Ельбаева, Р.А. Мухангалиева

Султан Қожахметов и развитие дидактики в его педагогическом наследии

В статье прослеживается путь становления С. Кожакметова как ученого-дидакта. Раскрыты его труды по следующим направлениям: «Вопросы общей педагогики и педагогики», «Технология обучения и субъекты процесса обучения», «История педагогики». Проанализирован вклад С. Кожакметова в развитие педагогического знания о дидактических принципах с позиций потребностей сегодняшней практики.

Ключевые слова: дидактика, ученый-дидакт, субъекты процесса обучения.

Z.U. Elbaeva, R.A. Mughaliev

Sultan Kozhakhmetov And Development of Didactics in His Pedagogical Heritage

In the article «Sultan Kozhakhmetov and development of didactics in his pedagogical heritage» is characterized by way of formation S. Kozhakhmetov as a researcher - didactic. Disclosed his works on the following directions: «Questions of General pedagogy and pedagogic», «Technology of training and subjects of the learning process», «History of pedagogic». Analyzed the contribution S. Kozhakhmetov in the development of pedagogical knowledge of didactic principles on the demands of the today's practice.

Keywords: didactics, researcher - didactic, the subjects of the training process.